

«БЕКІТЕМІН»

ҚР ЕХӘЖМ "ӘОД ҒПО" ШЖҚ РМК

Бас директорының м.а.

С.Смайлова



2022 ж. «08» маусымдағы № 148-Пр. бұйрығы

**Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің**

**"Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы"
шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

Алматы, 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттары.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдану саласы (1-қосымша).
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қабылдау және іске асыру.
6. Жауапкершілік.
7. Қолдануды талдау және қайта қарау.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - ӘОД ҒПО) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлықтың теріс әсерін азайтуға, оның себептері мен салдарын жоюға бағытталған түйінді қағидаттарды, талаптар мен шараларды айқындайтын стратегиялық құжаты болып табылады.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына, ӘОД ҒПО жарғысына және басқа да ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстанда "сыбайлас жемқорлық", "сыбайлас жемқорлық әрекеттері", "сыбайлас жемқорлық қызметі" мән-жайлары, әдетте, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер алу немесе табу мақсатында пайдалануы өзіне немесе үшінші тұлғаларға арналған артықшылықтарды ескере отырып тұжырымдалған.

1.4. Осы құжатта:

- мақсаты мен міндеттері
- негізгі қағидаттар
- қолдану саласы
- қабылдау және іске асыру
- орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапкершілік
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қолдануын талдау және қайта қарау айқындалған.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат ӘОД ҒПО-ның қабылданған мәдениет нормаларына сәйкес ашық және адал жұмыс жүргізудің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған өзара байланысты қағидаттар, рәсімдер мен іс-шаралар кешенін білдіре отырып, іскерлік беделін тиісті деңгейде ұстап тұрудың жоғары әдеп стандарттарына бейілділігін көрсетеді.

2.2. ӘОД ҒПО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындаудың бірыңғай тәсілін әзірлеу және іске асыру.

2.3. Келесі міндеттерді шешу арқылы мақсаттарға қол жеткізіледі:

- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізгі бағыттарын айқындау және талаптарын іске асыру;
- ӘОД ҒПО ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің тәуекелдерін анықтау;

- сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайлардың алдын алу, оларды жою (барынша азайту), сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бағдарламасын қоса алғанда) салдарларын барынша азайту және жою жөніндегі жан-жақты және дәйекті жүйелі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- барлық деңгейлерде сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына және көріністеріне төзбеушілікпен сипатталатын ӘОД ҒПО жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі қағидаттары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізіне мынандай қағидаттар енгізілген:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі;
- ӘОД ҒПО жұмыскерлері мен әріптестерінің заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау;
- ӘОД ҒПО жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар болуы және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді тартылуы және қатысуы;
- ӘОД ҒПО жұмыскерлері еңбек міндеттерін атқаруына байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, олардың атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, олар үшін жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мен рәсімдердің орындалуын, сондай-ақ тиімділігін тұрақты бақылау және тұрақты мониторингілеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен ынтымақтастық.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдану саласы

4.1. ӘОД ҒПО барлық жұмыскерлері осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты басшылыққа алуы және оның қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз сақтауы тиіс.

4.2. ӘОД ҒПО жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған міндеттері ӘОД ҒПО жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартында айқындалады (1-қосымша) және орындау үшін міндетті болып табылады.

4.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат ӘОД ҒПО-ның бірлескен қызметке тартатын көрсетілетін қызметті алушылар мен тұлғаларға да қолданылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қабылдау және іске асыру

5.1. ӘОД ҒПО Бас директоры:

- ӘОД ҒПО ішкі құжаты - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын келіседі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізу және қолдану нәтижелерін бақылайды.

5.2. Комлаенс-офицер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты болады, мыналарды қамтитын іс-шаралар тізбесін әзірлейді және іске асырады:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту;
- сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтарды анықтауға бағытталған бақылау іс-шараларын жүргізу;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруға бағытталған бағдарламалар мен шараларды әзірлеу, бекіту, іске асыру;
- жұмыскерлерді оқыту және хабардар ету (оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын өткізу, жұмыскерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді сақтау мәселелері бойынша жеке консультация беру, жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін регламенттейтін нормативтік құжаттармен таныстыру);
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу саласында мемлекеттік билік органдарымен, құқық қорғау органдарымен, БАҚ-пен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- ӘОД ҒПО басшылығына тиісті есептік материалдарды ұсына отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру саласындағы құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіру, бақылау және бағалау;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының өзгеруіне байланысты және 7.3-тармақта көрсетілген басқа да жағдайларда құжаттарды өзектендіру;
- осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты ӘОД ҒПО ресми сайтында орналастыру;
- осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау туралы есепті жыл сайын Бас директордың бекітуіне шығару;

5.3. ӘОД ҒПО Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру барысында комлаенс-офицер:

- Кадрлық (оның ішінде басшы) құрамды қалыптастыру кезінде адалдық және объективтілік қағидаттарын басшылыққа алады: жұмыскерлер жоғары тұрған лауазымдарға іскерлік қасиеттері негізге алына отырып тағайындалады немесе ауыстырылады; егер лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру олардың бірінің екіншісіне тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, жақын туыстық немесе туыстық тұлғаларды жұмысқа орналастыруға тыйым салынады;
- ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламалармен жүгінген адамдарды қысымның кез келген нысандарынан (оның ішінде жұмыстан босатудан, қудалаудан, кемсітудің кез келген нысандарынан) қорғауды қамтамасыз етеді, жұмыскерлерді сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтар туралы расталған ақпаратты ӘОД ҒПО-ға ұсынғаны үшін ынталандырады;
- ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты тексеруді жүзеге асырады, ал олар расталған жағдайда тиісті материалдарды Қазақстан Республикасының Құқық қорғау органдарына беру туралы шешім қабылданады.

6. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапкершілік

6.1. ӘОД ҒПО барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері атқаратын лауазымына қарамастан, осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары мен талаптарының сақталуына дербес жауапты болады.

6.2. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптарын бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, нормативтік-құқықтық актілерде және еңбек шарттарында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша ӘОД ҒПО, құқық қорғау органдарының және/немесе өзге де адамдардың бастамасы бойынша тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдануды талдау және қайта қарау

7.1. ӘОД ҒПО өз құзыреті шеңберінде өз күшімен де, басқа да адамдарды тарта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру тиімділігінің барысына тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

7.2. ӘОД ҒПО жұмыскерлер мен басқа да адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудағы кемшіліктерді еркін көрсете алатын, сондай-ақ оны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізе алатын жағдайларды қамтамасыз етеді.

7.3. ӘОД ҒПО-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына өзгерістер енгізу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат ережелерін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес келтіру қажеттілігі;

- осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты орындауға тікелей әсер ететін ӘОД ҒПО құрылымының өзгеруі;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі шараларды жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

ҚР ЕХӘҚМ "Әлеуметтік оңалтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы" ШЖҚ РМК (бұдан әрі- ӘОД ҒПО) жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты:

1. ӘОД ҒПО жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ӘОД ҒПО жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын бағдарлар, қоғамның жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

2. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында ӘОД ҒПО жұмыскерлеріне ұсынылады:

2.1. Өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық, сатылмайтындық және ашықтық қағидаттарын басшылыққа алу;
- сыбайлас жемқорлықпен ілесетін немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарға не әрекеттерге жол бермеу;
- сыбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда, осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде заңда көзделген барлық шараларды қабылдау.

2.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеу;
- жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбау;
- мүдделер қақтығысын болдырмау бойынша шаралар қабылдайды. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына және ӘОД ҒПО ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес оны болдырмау және реттеу бойынша шаралар қабылдау.

2.3. Ішкі нормативтік құжаттардың (бұдан әрі - ІНК) жобаларын дайындау кезінде:

- жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қарсы сипаттағы құқыққа қарсы әрекеттерді жасауына алғышарттар жасайтын сыбайлас жемқорлық сипатындағы факторларды анықтау және оларда тиісті алдын алу

шараларын көрсету тұрғысынан қабылданатын ІНҚ-ға талдау және сараптама жүргізу;

- бұрын қабылданған ішкі құжаттар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу. Оларда сыбайлас жемқорлық факторларының бар-жоғы анықталған жағдайда оларды жоюға шаралар қолдану.

2.4. Өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

2.4.1. Бағынышты жұмыскерлермен қарым-қатынастағы басшыларға ұсынылады:

- өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, адал ниеттіліктің, адалдықтың және сатылмаушылықтың үлгісі болу;

- кадр мәселелерін шешу кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету, туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;

- қарамағындағы жұмыскерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау, нақты орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

- қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен әділдік таныту;

- қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

- құқыққа қарсы әрекеттер жасауға, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға жатпайтын әрекеттер жасауға мәжбүрlemeу;

- қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және тоқтату;

- қарамағындағы қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі жан-жақты шараларды уақтылы қабылдау;

- қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

- қарамағындағылармен қызметтік емес қарым-қатынастардан бас тарту.

2.4.2. Басшыларымен қарым-қатынаста бағыныштыларға ұсынылады:

- өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін заңсыз өтініштермен басшылыққа жүгінуден тартыну;

- басшылыққа қатысты жеке берілгендікке, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермеу;

- сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері, мүдделер қақтығысының туындағаны туралы, қызметтік міндеттерін орындағаны үшін қандай да бір пайда алуға көндіру туралы басшылықты дереу хабардар ету;

- орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күдік туғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлау;

- тапсырмаларды орындау кезінде тек объективті және сенімді ақпаратты ұсыну.

3. ӘОД ҒПО жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтау ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелген қызметті жүзеге асыру;
- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтар мен өзге де игіліктер қабылдау.

Заңгерлік бөлімінің бастығы _____ **А.Жоргекпаева**